

**«Инфо-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту
нәтижелері туралы» 2012 жылғы 28 мамырдағы Үкімет сағатына
арналған баяндама тезисі**

Қазақстанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамытудың 7 бағыты бар, олардың бірі «электрондық үкімет» пен электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту болып табылады.

«Электрондық үкіметті» дамыту индексі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының есебіне сәйкес Қазақстан **192 мемлекет** арасында **38 орында** (2010 жылы 46 орын болған) жетті.

Электрондық-қатысу индексі бойынша **2 орында** Сингапурмен бірқатарда тұр. Онлайн қызметтер бойынша **14 орынды** иемденді.

2011 жылы ұялы байланыс абоненттерінің саны 100 адамға **141,5%**, Интернет пайдаланушылары – **53,4%** пайызды құрады.

2011 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумының Ғаламдық бәсекелестік индексі есебі бойынша тіркелген телефон желілері бойынша көрсеткіште – **46 орынды**, ұялы байланыс абоненттері көрсеткішінде – **38 орынды** алдық.

Е-үкімет инфрақұрылымының аясында қазіргі уақытта халыққа (жеке және заңды тұлғаларға да) **219** жуық интерактивтік және транзакциялық қызметтер берілуде. Олардың **100-і** электрондық лицензиялау порталында және **119-ы** «электрондық үкімет» порталында берілуде.

«Электрондық үкімет» порталы қызметтерінің санына **77** мемлекеттік қызметтер кіреді, олар мемлекеттік жинақтардың **21** түрі, мемлекеттік баж салығының **16** түрі, салық төлемдерінің **4** түрі, сонымен қатар Жол қозғалысы ережелерін бұзғандығы үшін айыппұлдарды төлеу болып табылады.

Қазіргі уақытта «электрондық үкімет» порталы арқылы берілген электрондық анықтамалар саны **11 млн.** асты.

Электрондық қызметтер мен пайдалану үшін халыққа **1 млн.** астам электрондық цифрлық қолтаңба берілді.

Порталдың күнделікті пайдаланушылар саны **20 мыңнан** көп.

«Электрондық үкіметтің» ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы мемлекеттік кәсіпорын құрылған.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында арнайы аттестация, Е-инфрақұрылымды мониторингілеу, мемлекеттік органдардың Интернет желісіне шығу бірыңғай нүктесін және бірыңғай поштасын құру, тағы да басқа шаралар өткізіледі.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша Премьер-Министрдің төрағалығымен Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды.

Елбасы 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында АКТ саласын дамыту бойынша келесі міндеттерді қойған болатын:

- 60% әлеуметтік маңызы бар қызметтерді электрондық форматқа өткізу;
- лицензияларды электрондық түрде немесе ХҚКО арқылы баламасыз беру;
- талап етілетін рұқсат ету құжаттарын электрондық форматқа немесе ХҚКО өткізу;
- автокөліктерді тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру бойынша орталықтар құру;
- компьютерлік сауаттылықтың деңгейін 50%-ға арттыру.

2011 жылы әлеуметтік маңызы бар **5 мемлекеттік қызмет** электрондық форматқа өткізілді. Биылғы жылдың соңына дейін осы көрсеткішті **23-ке** дейін жеткізу жоспарлануда.

Қызметтерді автоматтандырудың алдын, оларды оңтайландыру (қызметті алу үшін берілетін құжаттар санын және уақытын қысқарту) жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге, 2011 жылы «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі **барлық** лицензиар мемлекеттік органдарда, **79 аумақтық** лицензиярларда (Табиғи монополиялар агенттігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі), 16 жергілікті атқарушы органдардың **8-де** енгізілді.

2012 жылдың соңына дейін «Е-лицензиялау» жүйесі **барлық** жергілікті атқарушы органдарда енгізілетін болады.

Рұқсат ету құжаттарын электрондық форматқа өткізу жұмыстарын да жоғарыда айтып өткенімдей, автоматтандыру мен оңтайландыру жолымен жүзеге асыратын боламыз.

2012 жылдың соңына дейін **80** рұқсат ету құжаттары түрін электрондық форматқа өткізуді жоспарлап отырмыз.

2011 жылы ірі елді мекендерде орналасқан **28** халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) модернизацияланды, ағымдағы жылдың соңына дейін қалғандарын жаңарту жоспарлануда.

Пилоттық режимде қашықтағы елді мекен тұрғындарына қызмет көрсететін **14 жедел** ХҚКО іске қосылды.

Қазіргі уақытта ХҚКО **59** мемлекеттік қызметтер көрсетілуде, келешекте олардың санын **115-ке** дейін асыруды жоспарлап отырмыз.

ХҚКО қарауына автокөлікті тіркеу және жүргізуші куәліктерін тапсыру бойынша ағымдағы жылы Астана, Алматы, Ақтау, Қарағанды қалаларында мамандандырылған ХҚКО құру жоспарлануда.

Ал, қалған облыстық орталықтарда **2013 жылы** осыған ұқсас мамандандырылған ХҚКО құрылатын болады.

Халыққа Интернетке кеңжолақты қол жеткізу қызметін көрсету мақсатында 3G және 4G стандарттарын енгізу, CDMA 450

технологиясын одан әрі дамыту, FTTH (Fiber to the Home) желісін құру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күні, үшінші буындағы 3G стандарт желілерімен Астана, Алматы қалалары және республиканың барлық облыс орталықтары қамтылған.

2012 жылдан бастап төртінші буынды (4G стандарты) желілерін құру жобасын жүзеге асырамыз. Бұл желілерге **2013 жылы** Астана, Алматы қалалары қосылады.

FTTH/V технологиясы құрылысы және кеңжолақты Интернетке қол жетімділікті дамыту барлық облыс орталықтары мен қалаларда **2015 жылға** қарай аяқтау жоспарланған.

2011 және 2012 жылдары ұялы байланыс және Интернет қызметерінің тарифін төмендету шаралары іске асырылуда.

Ұялы байланыс операторларының желі ішіндегі ең жоғарғы тарифтері **30%**, ұтқыр интернеттің ең жоғарғы тарифтері **50%-ға** дейін төмендеді.

Дүниежүзілік экономикалық форумының Ғаламдық бәсекелестік индексіне сәйкес Қазақстан кеңжолақты Интернет желісіне қолжеткізу құнының деңгейі бойынша әлемде **19 орында** тұр.

Тұрғындардың жаппай компьютерлік сауаттылығын көтеру барысында халық үшін электрондық оқыту бағдарламаларын әзірлеуді және кәсіпкерлерді оқытуды, оқыту роликтері мен мультимедиялық бағдарламаларды жария етуді жоспарлап отырмыз.

Ақпараттық технологиялар саласында адам капиталын дамыту барысында біз Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде білім гранттары санын көбейту, 2 ақпараттық технологиялар колледждерін, жаңа технологияларды үйретуге арналған зертханаларды ашу жұмыстарын Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп жүргізудеміз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстар өз жалғасын табатын болады.